

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 ақпандағы N 146 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 сәуірдегі N 472 Қаулысы

"Орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда, холдингтерде, ұлттық компанияларда, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларда әкімшілік шығыстарды қысқарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы N 289 өкіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі

**Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :**

1. "Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің атташесі Ш.Б. Қарымбаеваны Париж қаласына (Француз Республикасы) іссапарға жіберу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 13 ақпандағы N 146 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтағы "20" деген сандар "21" деген сандармен ауыстырылсын;  
2-тармақтың 2) тармақшасындағы "Астана - Вена - Париж - Вена - Астана" деген сөздер "Алматы - Амстердам - Париж - Амстердам - Алматы" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі* *К. Мәсімов*